

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov_r@inbox.ru)

Тарихшы Телжан Шонановтың қайраткерлік қызметі, руханиятқа сіңірген еңбегі

Мақалада Алашорданың көрнекті өкілі — Телжан Шонановтың өмірі мен қызметіне назар аударылған. Ол өз уақытының білімді адамдарының бірі болғандығы жөнінде баса айтылған. Оның тарихтың, әдебиеттің, тілдің, жағрафияның, педагогиканың өзекті мәселелері қызықтыратын ғалым-энциклопедист ретіндегі тұлғасына сипаттама берілген. Алашордашылар қатарындағы қоғамдық-саяси қызметімен қатар, оның өткен ғасырдың 20–30-жылдары отандық ғылым мен ағарту білімінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі айрықша бөлініп көрсетілген. Оның аграрлық саясаттың әр түрлі тұстарымен және ең алдымен Патшалы Ресей мен бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанның жер саясатымен байланысты тарихи зерттеулерінің маңызы ашылған. Сол кездегі уақыт талабынан туындайтын елдің оқу орындарына арнап білімнің әр түрлі салалары бойынша жазылған оқулықтарды, оқу және әдістемелік құралдарды жариялаумен байланысты сан қырлы қызметіне баға берілген.

Кілтті сөздер: тарих, қоғам қайраткері, ғалым, зерттеу, әлеумет, жер, еңбек, мақала, мұра, саясат, қоғамдық-саяси қызмет, отандық ғылым мен оқу-ағарту саласы.

Кіріспе

Біз соңғы жылдары өз халқының болашағы үшін күрескен ғылым, оқу-ағарту, тарих, әдебиет пен тіл майданында мол еңбек сіңірген, өнімді шығармашылықпен көзге түскен, 1930-жылдардағы зобалаң кезінде сталиндік нәубеттің құрбаны болған үркердей қазақ зиялыларының есімдерін қастерлеп, ерекше құрметпен атап жүрміз. Өйткені екі ғасыр тоғысында, одан бергі 1920-жылдарда ғылым, мәдениет, оқу-ағарту саласында өзгеше бір серпіліс туған дәуірде, жаңа ашылып жатқан мектептерге алуан түрлі оқулықтар жазып, әрбір ғылым-ілім басында тұрып, көшбасшы болу осы эзиз ағалардың үлесіне тиді. Таланты кемел, халқымыздың біртуар бұл тұлғалары өз мамандықтарынан тыс тарих, филология, психология, педагогика, математика, зоология, ботаника, химия, тағы басқа салаларға қатысты еңбектер жазып, ғылым мен оқу-ағарту ісін кең өріске алып шықты.

1937–1938-жылдардағы Кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген қанды-қасап жазалаудың жазықсыз құрбаны болғандардың бірі — Халық ағарту комиссариатының ғылым мен ғылыми әдістер жөніндегі кеңесінің мүшесі, ағартушы, педагог, филолог, әдіскер, әдебиетші, тарихшы, сыншы, аудармашы, қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанда 1922–1937 жылдарда оқыту-білім беру, сауаттандыру, тарихты, қазақ тілін, ғылыми-зерттеу істерін беріле дамытқан, дарынды энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері Телжан Шонанов.

Сонан бергі ұзақ жылдар бойы жан-жақты білімпаз ғалымның аяулы есімі мен ғылыми мұрасы атаусыз, ескерусіз, жабулы күйінде қалды.

Ол Кеңес саясатындағы «жылымық» тұстарда да өзі тағдырлас ер азаматтармен бірге ақталу бақытына да ие болмады; қайта Кеңес үкіметі құлап, Одақ тарағанға дейін цензура органдарының шығармаларына тыйым салынған үш қазақтың бірі болып қара тізімде тұрды. Бұған қарағанда аяулы азаматтың соңында жоқтаушы, іздеуші болмаған сияқты.

Телжан Шонановтың өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты деректер мұрағат қоймалары мен ертеректе жарық көрген баспасөз бетінде молынан ұшырасатынына қарамастан, әзірге толық зерттелмеген. Тек соңғы кездері баспасөз бетінде ғалымның аты аталып, ғылыми еңбектерінен үзінділер жариялана бастады.

Елі үшін еңбек еткен, келер ұрпаққа мол мұра қалдырған азамат ендігі жерде елеусіз қалмайтыны анық.

Телжан Шонанұлының өмірбаяндық деректері

Белгілі қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым Т.Шонанұлы 1894 жылы 17 желтоқсанда сол кездегі бөлініс бойынша Торғай облысы Ырғыз уезі Аманкөл болысы № 4 ауылда (қазір Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл ауылы) туған.

Ол 1908–1912 жылдар аралығында Ырғыздағы орыс-қазақ училищесін өте жақсы бағамен оқып бітіреді. 1912–1916 жылдары Орынбордағы қазақ мұғалімдер институтында оқиды. Орынборда оқыған кезінде қазақ жастарының мәдени-ағарту бағытында құрылған «Игілік» ұйымын ұйымдастыруға белсене араласып, «Қазақ» газетіне халық ағарту мәселелері бойынша мақалалар жариялайды. Институтты бітіргеннен кейін алты жыл мектепте жұмыс істеуге міндеттеледі.

Т.Шонанов 1916–1921 жылдарда Ырғыз уезінде мұғалім, аудармашы қызметін атқарды. Оның ең елеулі қызметі — жиырмамыншы жылдары Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Халық ағарту комиссариаты (ХАК) жанындағы Академиялық Орталықтағы білікті һәм жауапты маман ретіндегі жұмысы еді. Бұл Телжан өмірінің 1922–1926 жылдардағы Орынбор кезеңі болатын. Ол 1923 жылы 15 сәуірде «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына» мүше болып, латын әліпбиін енгізуді жақтаған зиялылар тобында болды. 1924 жылы 12–18 маусымда өткізілген қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне, сол жылы Қазақ АКСР-і ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне делегат болып қатысты.

Т.Шонанұлы 1926–1929 жылдары Қызылордада Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істеді. Осында жүріп 1926–1928 жылдары «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» тарих-этнография секциясының төрағасы болды. 1929 жылы Алматыға көшіп келіп, Қазақ АКСР-і ХАК-да қызмет атқарды. 1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналыса жүріп, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды. 1935 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қазақ тілінің доценті болып еңбек етті [1; 533].

Т.Шонанов 1937 жылы 21 шілдеде нақақтан тұтқындалады. Оны «ұлтшыл, төңкеріске қарсы, Амангелді мен Таранның өліміне қатысты жан» деп айыптайды. Телжанды сол жылдың 1 карашасына дейін тергейді. Содан төрт айға жуық мерзімнен соң, 1938 жылы 27 ақпанда КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы ғалымды атуға үкім шығарады. Үкім сол күні Алматыда орындалады [2; 179].

Телжанмен бірге оның жары Шаһзада Аронқызы Шонанова (1903–1938) да қуғын-сүргінге ұшырады. Ол жазықсыз саяси құрбан болғанға дейінгі, 34-ақ жас өте қысқа өмірінде қызметке ерте — 19 жасында кіріскен. 1922–1926 жылдарда Орал Губерниялық Атқару және Сырдария Губпаркомитеттерінде қызметкер, 23 жасынан бастап, КСРО Ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі болған, 1928–1930 жылдарда Халық ағарту комиссариатында мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы, 1932–1936 жылдарда Республикалық педагогикалық және ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институттарында, Халық ағарту комиссариатында жауапты хатшы, ғалым хатшы, әдіскер, кеңесші қызметтеріне мәдени-ағартушылық үлес қосқан. Әкесі «үстем тап» өкілі болғандықтан, 1921 жылы САГУ-ден, 1932 жылы Қазақ мединститутынан оқудан шығарылған. Тұтқындалғанға дейін 1936–1937 жылдарда Қазақ университетінің студенті болған, саяси қуғынға мойымаған. НКВД жендеттері атып, көмуге әкелгенде, кенеттен тіріліп, бір өлтіруге көнбеген құдіретті қазақ қызы болды [3].

Жазықсыз саяси құрбан болған Ш.Шонанова 1992 жылы 18 қыркүйекте ақталды.

Т.Шонанұлының әлеумет істерге белсене араласуы

Телжан Шонановтың әлеумет істеріне белсене араласуы 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі кезінен басталды. Ол қарулы көтеріліске қарсы болған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған зиялы азаматтарға қолдау білдірді. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Телжан ұлттық автономия жолында күрес жүргізген Алаш қайраткерлерінің қатарында болды.

1917 жылы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші Жалпықазақ съезінде Шонанұлы Алашорда үкіметі жанынан құрылған оқу комиссиясының құрамына (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Е.Омаровпен бірге) енгізілді. 1921 жылы Ырғызда тұтқынға алынып, Орынбордағы ОГПУ бөлімінде тергелді. 1922 жылы түрмеден босатылды [1; 532].

Алашорда үкіметі таратылғаннан кейін жалпы ғылымға ыңғайы бар Т.Шонанов Халық ағарту комиссариатының жұмысына тартылады. Себебі бұл уақытта ағарту саласын Телжанды 1917 жылдан білетін Ахмет Байтұрсынов басқарған болатын.

Архивте сақталған мәліметтерге қарағанда, Т.Шонанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырбаяны сол кезде кезектесіп астана мәртебесін алған қалаларда: Орынборда басталып, Қызылордада жалғасып, Алматыда аяқталды. Ғалымның соңында қалған мұрасын шартты түрде төмендегі бес тақырыпқа жіктеуге болады: 1) Тіл туралы еңбектері; 2) Тарих жөніндегі зерттеулері; 3) Әдебиет хақындағы ғылыми жұмыстары; 4) Жағрапия ғылымын меңгертуге арналған оқулықтары; 5) Жалпы көсемсөздік туындылары. Бұған қоса қаламгердің бірсыпыра аудармалары да бар [2; 180].

XX ғасырдың бас ширегінде қазақ оқығандарының алдындағы ең үлкен мақсат — іргелі ғылымның негізін қалау еді. Мұны жүзеге асыру үшін Телжан азамат ретінде алғашқылардың бірі болып өзін осы қиын іске жекті. Шамалы уақытта ол оқулық жазудың «еңбекторысы» атанды.

Телжан Шонанұлының тарих жөніндегі зерттеулері

Т.Шонанұлы небары 43 жыл өмірінде әзірше бізге мәлім қырық шақты ғылыми, ғылыми-танымдық оқыту бағдарламасы, оқулық кітаптары, сондай-ақ жүзден аса көлемді публицистикалық, ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік, проблемалық мақалалар, өмірбаяндық очерктер жазып, аудармалар жасады [4].

Солардың ішінде «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты арап әрпімен, 3 мың таралыммен шыққан еңбегі басқаларына қарағанда ұлттық мүддеде жазылуымен, тарихи оқиғаларды шынайы көрсетуімен ерекшеленеді. Телжанның 17 бөлімнен тұратын осы ғылыми-зерттеу еңбегі 1923 жылы жазылып, 1926 жылы Ташкентте басылып шыққан.

Профессор Ә.Тәкенов, архивші Б.Байғалиев пен ізденуші Г.Жүгенбаеваның жәрдемімен мемлекеттік һәм салалық ғылыми-зерттеу институты жасамаған істі жүзеге асырды: 1995 жылы «Санат» баспасынан Т.Шонанұлының «Қазақ жері мәселесінің тарихы» зерттеуі «Жер тағдыры — ел тағдыры» деген атпен, ғылыми түсініктемелерімен жарық көрді [5].

Ғалым бұл еңбегінде қазақтың жер тарихын ертеден қозғап, түсіндірмесе, бұл құр «қысыр кеңеске» айналады деп тарихқа жүгінеді. Автор қазақтың көшпенді болуының өзі тарихи-табиғи жағдайда пайда болғанын, ал «көшпелі» деп кемсіту, олардың өмір салтын «біліп жетіспегендердің» теріс пікірі екенін дәлелдеуге тырысады. Осы мақсаттар кітаптың, әсіресе отырықшылдандыру, жаппай ұйымдастыру саясаты қарсаңындағы атқарар жүгін салмақтандыра түседі.

Т.Шонановтың осы кітабына енген «Қазақ жерінің қарақұлақтары» [6; 7] атты мақаласы — автордың туған халқының тарихын терең біліп, аграрлық, әлеуметтік мәселелерді мемлекеттік, жалпы халықтық деңгейде айқын бағдарлап, дер кезінде мәселе етіп көтергенінің бірден-бір дәлелі. Зерттеудің мақсаты өткен тарихпен танысу ғана емес, жер мәселесін толық түсіне отырып, дұрыс шешу екенін ғалым ашық айтады: «...Жапон соғысынан Ресей жеңілді, шаруаны күйзелтті, ел төтенше апатқа ұшырады. Үкіметке қарсы қаладағы төңкерісшіл жұмыскер де көтерілді. Бұл жұмыскерлер көтерілісі мұжықтың көтерілісшіл шоғының үстіне құйған май болып шықты. Бұған сол жылдардағы егін шықпауының сылтауы қосылды. Бұрыннан сабыры тозған еңбекшіл халық дауылдағы теңіздей толқындады. 1905 жылдың атақты төңкеріс қимылы басталды. Халықтың көтерілісі бөгетті бұзып шыққан тасқын суша, бүтін Ресейге жайылып, алпауыттарды, байларды төңкеріс топанына батырып жіберуге айналды. Алпауыттар жерін банкке сата бастаған еді, банк сатып алған жерін мұжыққа сата бастады. Дума шақырылды. Жіберген өкіліміз бізге байлардың жерін алып береді деп мұжық күтті. Думадан күткен үміт орындалмады. Полиция, жандарм, надан солдат күшіне сүйсініп, Ресейдің үстін қанды селге жауып, үкімет төңкерісті басты. Жер мәселесінің соңғы дәуірі — Столыпин заңы шықты.

Кіші Ресейде жер саясаты өзгертілді. Үкімет тынышсыз мұжықты сыртқа — Сібір мен Қазақ даласына бұрынғыдан бетер тоғытып айдай бастады. Қазақ даласына 1906–1909 жылдар арасындағыдай бұрын да, соңынан да мұжықтың көп келіп көрген уақыты жоқ. Түркістан сияқты бұрын отар болмай тұрған аудандарды да отар қыла бастады.

Көкшетау уезінде 1906 жылға қарсы «артық» деген жердің бәрі алынып бітеді. 1906 жылдың 1 шілдесіне қарай Ақмола, Торғай облыстарында «отарлық жердің қоры таусылып біткен. Енді үкімет не қылмақ?». Үкіметтің енді қазақтан тағы артық жер тауып алғысы келеді, бұрынғы Щербина нормасын қайта пішкісі келеді. Қазақтардың шаруасын, тұрмысын, жерін қайта зерттеп шықты.

Тұздың атағымен норманы шұнтитып, қазаққа қалған жерден тағы «ауысқан жер» шығарып, кесіп алғысы келеді. Қазақ шаруасы қара есекке теріс мінсе де, амалдан артық жер шығаруға қам қылады.

Осы мақсатқа үйлестіріп, дөптеп, есеп алуға 1907–1911 жылдар арасында Ақмола, Семейге Кузнецов экспедициясы, Орал, Торғай облыстарына переселен мекемесінің санақ партиясы барымтаға, қазақ жеріне аттанды. А.А.Кауфман сықылды переселен пірі бұларға бата беріп, жол көрсетіп отырады. Қазақ жерінің қарақұлақтары, ішкі Ресейдегі ақсүйек жерін аман алып қалу ниетімен, оңнан, солдан ұрандасып қосылады.

«Дауылпаз» деген — дауыл алдында, теңіз үстінде қанатын сабалап шығып, дауыл тынса жоқ болып кететін құс бар. А.А.Кауфман Ресейде жер жайын білгіш атағын меншіктеген, переселеннің пірі, ол әсіресе қазақ жерін отарлау кезінде сол құс сықылды еді. Қазақ жерінен артық жер керек болса, қазақтың бір жерін отар қылғысы келсе, барлап қайтуға үкімет сол Кауфмандай атарман-шабарманын атқа мінгізетін еді.

Сібір темір жолының комитеті құрылып, Қостанай, Ақтөбе уездерінде жол езуіндегі жерлерге есептеп отар қыламыз дегенде 1897 жылы Кауфман жіберіліп еді. Кауфман отарлауға артық жердің ұшы-қиыры жоқ, отарлауға жерінің құйқасы да әдемі-ақ деген соң, осы екі уезге үкімет Щербина экспедициясын, экспедициямен қоса жер тонаушы «уақытша партияларын» жіберген еді. Сонда Кауфман бұл екі уезге шығып, иә өлшеп, иә табиғат жағдайын сынап көрместен көзді жұмып жіберіп, айтып еді. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», қазақ жеріне жерік болғанда Кауфмандар ұятты жылы жабады.

Қазақ даласында «артық» жер таланып болған соң, бұрынғы Щербинаның артық деген жерінің 1/3 ғана отарға алынсын деу Кауфман сияқты переселен пірлеріне аз көрініп, 1901 жылдың 5 наурызында бұйрық шығартады. Енді бұл жарлық бойынша жердің J ғана қазаққа қалынып, S -і бар отарға кесіп алынатын болды» [6].

Автор монографиясында қазақ жері мәселесін: 1) орысқа бағынғаннан бастап ХІХ ғасырдың 80-жылдарының басына шейін. Бұл — атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі; 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі деп екі дәуірге бөліп қарастырады. Кітаптағы әр бөлім бір проблеманың қилы қырын ашуға құрылғаны байқалады. Монографиядағы «ХVІІІ ғасыр ішінде қазақ қонысының ауданы», «Ертіс бойына талас», «Жайық бойына талас», «Бөкей жерінің мәселесі» атты бөлімдерде ресейлік отарлау саясатының жөн-жосығы шынайы сипатталған.

«Қазақ жердің қадірін біле ме?» деген сұраққа жауап ретінде Т.Шонанов өз ойын былай түйіндейді: «Біз түсіндірмей-ақ қазақ жердің қадірін аса жақсы біледі. Оны тарихи тұрмыстың тоқпағы үйреткен. Жер шаруаға қандай әсер беретінін, қандай жерде қандай шаруашылық қылуға керектігін шаруа әдемі түсінеді. «Жер — анасы, мал — баласы», «Жері байдың — елі бай», — дейді ел. Халық ақынның аузымен: «Жайықтың бойы жайлы қиян, Маңғыстаудың бойы шанды қиян», — дейді. «Көк Есілден кеткен соң, жылқының қонысы табылмас», — дейді. «Ащының бойы айтақыр, алалы жылқы жусап тұр», «Шыбышым лақ салмаған, тоқтым қысыр қалмаған», — дейді. «Қалдығайты, Былдырты жер өрнегін қарасаң, көдесінің түбі сайын бір жылқы», — дейді. Бұл — жердің шаруаға жайлылығы туралы қазақтың көзқарасы. Жерсіз жарық тұрмыстың жоқтығын, «Маңғыстаудың шанды қияны» тәрізді жерлер қонысқа тұлға болмайтынын қазақ жақсы біледі. Жерден айрыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айрылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Қазақтың бір себептермен шаруаға тәуір қоныстан айрылғанда айтқан өлеңдері — өлікті жоқтаған жылаулармен бірдей. Кенесары қоныстан ауарда Досқожа ақын былай толғайды:

*Мына жатқан сарғайып,
Салынды қопа, қамысым.
Салық ауылы қыстаған,
Іргем тиген танысым.
Бұл қоныстан кеткен соң
Көбеймес пе екен налысым?..
Артымда қалып барасың,
Бастары самал, тауларым!
Арасы биік бауларым,
Кетемін деген есте жоқ,
Кетірді дұшпан-жауларым!*

Қарға бойлы Қазтуған батыр қонысынан ауып бара жатып, Шеркөптімен (Шеркөпті — Қазтуғанның замандасы, батыр. Бұлар Еділ-Жайық арасынан ауған деседі) қоштасып тұрып, қалып бара жатқан қонысына қарап толғайды:

*Адыра қалғыр көк Жайық,
Аңырап қалды-ау қонысым!
Қонысымнан ауған соң,
Кемінесе игі еді ырысым?!
Таудағы тарпан бөрі едім,
Тарылғанға ұқсайды тынысым...*

Міне, қазақтың жерге көзқарасы! «Ылдиы жоқ, өрі жоқ, ат тайғанар жері жоқ, жазып салған мақпалдай», «Күнде базар Есілге», «Жатып қалған боз тайлақ атан болып ерген жерге», «Жатып қалған бір тоқты мың қой болып өрген жерге», «Жапырағы жасыл ала қамқадай», «Бұтағы бұрама күміс алқадай» ағаштарына орнығып, қазақ неге отырмайды?» [7].

Тарихшы Т.Шонанұлының ең сүбелі еңбегін жазу барысында ғалымдық назарына XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында ресей қалаларында шыққан тарихи зерттеулер, ғылыми жинақтар, құжаттар топтамасы ілінген. Ғалым Орынбор архивінде де жұмыс жасапты. Сонымен бірге Телжанның ресейлік мерзімді басылымдар мен қазақ газет-журналдарынан қажетті дерек алғаны да байқалады.

Телжан — қазақ ғылымы, оқу-ағарту қызметі мен мәдениетінде өзіндік соқпақ салған тұлға

1925–1935 жылдардағы қиын да жауапты кезеңде, теориялық мәселелерден гөрі, практикалық мұқтаждық басымырақ болып тұрған шақта, Т.Шонанұлы ғылым, оқу-ағарту қызметіне қызу араласып, әліппе, оқулық, бағдарламалар жазып, халықты сауаттандыру жолында көп еңбек сіңірді.

Ана тіліміздің мектепте жеке пән ретінде оқытылумен байланысты туындаған қажеттілікті өтеген Т.Шонанұлының бұл еңбектерін, негізінен, төрт топқа бөліп, жіктеуге болады: 1) әліппе оқулықтары: «Жаңалық» (1928), «Сауаттан» (1929), «Колхоз ауылы» (1930; М.Жолдыбаевпен бірге); 2) бастауыш кластарға арналған тіл дамыту оқулықтары: «Тіл дамыту» (1930), «Қазақ тілі (Грамматика мен емле)» (1934), «Жаңа арна» (1927; М.Жолдыбаевпен бірге); 3) ересектерге арналған қазақ тілі оқулықтары: «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926); 4) орыстарға арналған қазақ тілі оқулықтары: «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933), «Учебник казахского языка для взрослых» (1934) [8].

Кезінде Т.Шонанов ұлы қазақ ойшылдары — Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов еңбектеріне терең бойлай отырып, нағыз педагог ретінде шындалғаны байқалады. Мысалы, Телжан А.Байтұрсынұлымен шығармашылық ынтымақта болып, бірлесіп, 1926 жылы мектеп оқушыларына арнап 412 беттік «Оқу құралын» («Хрестоматия») бастырып шығарады.

Ғұлама Ахмет Байтұрсыновтың үзеңгілес замандасы ретінде Т.Шонанұлы 1923 жылы Аханның 50 жылдық мерейтойына арналған кітап шығару мақсатында орыс тілінде көлемді мақала жазғаны белгілі. Бұл мақаланы қолжазба күйінде ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының 544-қорынан алып, қазақшалаған филолог әрі мұрағат қызметкері Б.Байғалиев. Оның дайындауындағы мақала 1992 жылы «Жұлдыз» журналының № 2 санында «Әдеби мұра» айдарымен жарық көрді.

«А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деп аталатын осы мақаланың оқырманға, оның ішінде ғылыми ортаға беретін соны жаңалықтары көп. Телжан Шонановтың мақаласындағы басты ерекшелік — ақындық ауылына да ат басын бұрып тұрған А.Байтұрсынұлы өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы мен өлеңдердің шығу тарихына түсінік беруі. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлының тіл білімі ғылымындағы өлшеусіз еңбегіне талдау жасай келе, «...қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп қазақ мектебін, бір жағынан, дүмше молдалардан, екінші жағынан — патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті» дей келе, А.Байтұрсынұлының тіл саясатындағы кемеңгер күрескерлігін, қазақ үшін жаңа әліпбиді тұңғыш түзудегі тарихи құбылыс тізгінін ұстаған қайраткерлігін дәлелдейді. Біріншіден, А.Байтұрсынұлының әліпбиі тіліміздің таза сақталуына; екіншіден, әлемдік мәдениетпен араласу жолын жеңілдетуге ықпал еткенін; үшіншіден, халық мектептерінің өркендеуіне алып адым жасағанын жазады. Сонымен қатар Ахмет қаламымен

түркі халықтарының тілі талауға түскен тұста ана тілімізді қорғаған «Шекіспей, бекіспейді» мақаласы мен «Туған тілім» деген әйгілі өлеңі жазылғанын айтады [9].

Т.Шонанов қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан емлеге, тіл дамытуға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген еңбектер мен хрестоматиялар жарық көрді. Көрнекті ғалымның әдістемеге қатысты еңбектеріне «Жаңалыққа жетекші», «Диagramдар, графиктер қандай болады» деген кітаптары, «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі» сияқты көптеген мақалалары жатады [1; 532]. 1935 жылы Телжан көрнекті әдіскерлер Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаевпен бірлесіп «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» деген көлемді еңбек бастырып шығарған.

Т.Шонановтың әдеби мұрасы да бірсыпыра. «Абай кітабын бастыру керек» («Ақжол», 1921, 19 маусым), «Театр және тұрмыс» («Қызыл Қазақстан», 1923, № 16), «Қазақстанда ғылым-білім, баспа жұмысы» («Қызыл Қазақстан, 1925, № 3–5), «Өлең өнері» («Еңбекші қазақ», 1926, № 126), «Устное творчество казахов» («Литературный Казахстан», 1936 ж., № 2), «Сәкеннің тілі туралы» («Социалистік Қазақстан», 1936, 5 шілде), тағы басқа мақалаларында қаламгер әр түрлі бағытта әдебиет мәселесін сөз етті [2; 181–182].

Аударма ісі бойынша Т.Шонанұлы Богдановтың «Курс политэкономии» атты кітабын қазақшаға аударып, орысша-қазақша термин сөздігін қоса берген. Бұдан басқа Каминскийдің, Крупскаяның кітаптарын қазақшаға аударған.

1929 жылы ол «Қазақстан жағрафиясы» атты кітап жазып, өлкетану жұмысына да белсене араласты. Д.Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағын (1934) ұйғыр тілінен орыс тіліне тәржімалады [1; 533].

Сөз соңында біз қазақ ғылымы мен мәдениетінде өзіндік соқпақ салған тұлға — Телжан Шонановтың артында қалған еңбектері туралы әңгіме қозғай отырып, кезінде тарих бетінен еріксіз сызылып қалған тұлғаны танытуымыз, төрден лайықты орын беруіміз — бүгінгі біздің қасиетті борышымыз демекпіз. Ал келешекте дара талантымен көзге түскен, аз уақыт ішінде артында мол мұра қалдырған Т.Шонанұлының еңбектерін жиып-теріп, оның таңдамалы шығармаларын бастырып шығаруды ойластырған жөн сияқты.

Түйін

Қорыта келе айтарымыз, қазақ ғылымын қалыптастыру жолында, елді өркениетке ілестіру қозғалысы барысында атқарылған еңбектің ішінен Алаш қайраткері, ғалым Т.Шонановтың қызметін айрықша атаған жөн.

Өткен ғасырдың 20–30-жылдары Алаш зиялыларын бір жайт қатты күйіндірді. Ол ғалымдардың, тарихшылардың Телжанның ғылыми аманат-мұрасына немқұрайлы қарауы еді. Т.Шонанұлының сауатты мақалаларын, ғылыми еңбектерін, танымдық оқулықтарын, жалпы азаматтық ісін Кеңес үкіметінің бірмойын басшылары қаперіне де алмады. Тіпті қазақ арасында қазақты отырықшыландырудың мемлекетке де, халыққа да тиімді жолын, әдісін көрсете алатын адам бар деп ескерместен, өз білгендерін істеп, ақыр соңында қазақты үлкен ашаршылыққа ұшыратты. Т.Шонанұлы мұны алдын ала айтқаны үшін ұлтшыл атанып, репрессияға ілікті.

1937 жылғы тоталитарлық жүйе ұйымдастырған саяси террордың құрбаны болған Т.Шонанұлының есімі мен оның шығармашылық мұрасы 60 жылға жуық тарихымыздың «ақтаңдақ беттерінің» қатарында тұрды. Тек 1990 жылы 13 тамызда КСРО Президиумының «20–25-жылдардағы саяси репрессия құрбандарының барлық құқықтарын қалпына келтіру туралы» Қаулысы негізінде Телжан Шонанов толық ақталды.

Соңғы 10–15 жыл бедерінде Шонанұлының өмірі мен оның шығармашылық мұрасын зерттеуге мүмкіндіктер туды. Сондықтан да болашақта Т.Шонановтың артында қалған мұраларын әлі де болса жинақтап, қоғамдық-ағартушылық және ғылыми қызметін зерттеу XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өмірін баяндауға, тарихнамамызда кенжелеп қалған өмірбаяндық жанрды дамытуда өз үлесін қосары сөзсіз деп білеміз.

References

- 1 Kazakhstan. National encyclopedia. Vol. 9 / Editor-in-chief B.Ayagan. — Almaty: Main edition «Kazakh encyclopedia, 2007. — 688 p.
- 2 *Kamzabekuly D.* Alash's prominent representatives // Zhuldyz. — 1998. — № 7.

- 3 *Zhaldybayev A.* Alashordintsa — natives of Irgiz // A public position. — № 21 (58). — 2010. — May, 26. — P. 11.
- 4 *Salanchina N.* Telzhan Shonanula // History of Kazakhstan. — 2006. — № 6. — P. 71.
- 5 *Shonanuly T.* The destiny of Earth is a destiny of the People. Heritage creative, left Telzhan. — Almaty: Sanat, 1995. — 214 p.
- 6 *Shonanuly T.* Arrangement of immigrants on the Kazakh earth // Turkestan. — 2011. — July, 7. — P. 5–7.
- 7 *Shonanuly T.* Whether the Kazakh knows the earth price? // Akikat. — 2011. — № 7. — P. 3.
- 8 *Sarybayev Sh.* Telzhan Shonanula // Ana tili. — № 27 (68). — 1991. — July, 1–4. — P. 7.
- 9 *Imakhanbetova R.* Akhmetovedeny's making moments (studying of a creative heritage of Ahmet Baytursynov) // Zhalyln. — 2005. — № 4. — P. 37.

Р.С.Каренов

Общественно-политическая деятельность, вклад в развитие отечественной науки и просвещения историка Телжана Шонанова

В статье показаны жизнь и деятельность видного представителя Алашорды Телжана Шонанова. Подчеркнуто, что он был одним из образованных людей своего времени. Дана характеристика ученому-энциклопедисту, которого интересовали актуальные вопросы истории, литературы, языка, географии, педагогики. Особо выделен, наряду с общественно-политической деятельностью в рядах алашординцев, его вклад в становление и развитие отечественной науки и просвещения в 20–30-х годах прошлого столетия. Раскрыто значение его исторических исследований, связанных с различными аспектами аграрной политики, и прежде всего земельной политики Казахстана в составе Царской России и Советского Союза. Приведена оценка его многогранной деятельности, связанной с опубликованием многочисленных учебников, учебных и методических пособий по различным отраслям знаний для учебных заведений страны исходя из требований своего времени

R.S.Karenov

Political activity, contribution to development of a domestic science and dedication of historian Telzhan Shonanova

In article it is given vinmany lives and activity of the prominent representative of Alashorda Telzhan of Shonanov. It is emphasized that he was one of educated people of the time. It is characterized as the scientist — the Encyclopaedist whom topical issues of history, literatures, language, geography, pedagogics interested. It is especially allocated, along with political activity in the ranks of alashordinets, its contribution to formation and development of a domestic science and education in 20 – the 30th years of last century. Value of its historical researches connected with various aspects of an agrarian policy and first of all of ground policy of Kazakhstan in structures of Imperial Russia and the former Soviet Union reveals. The mark of its many-sided activity connected with publication of numerous textbooks, educational and methodical grants on various branches of knowledge for educational institutions of the country proceeding from requirements of the time is given